№1 педагогикалық кеңес.

ЖШС «Қымбат апа» бөбекжай балабақшасында 2023-2024 оқу жылындағы

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 31.08.2023ж Қатысқандар саны: 14.

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»

Күн тәртібінде:

1.Балабақша қызметінің негізгі бағыттарын айқындау. Балабақшаның жаңа оқу жылына алған міндеттемелерін, балалармен қосымша жұмыс жоспарын, педагогтардың шығармашылық тақырыптарын бекіту.

2.Есеп: «Балаларын жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау, іс-шаралар.»

3.Балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібін бекіту.

4. Шығармашылық топ құрамын сайлау, жас мамандарға тәлімгерлер бекіту, сараптама және аттестацияға топ құрамдарын бекіту.

5.Анықтама: «Жаңа оқу жылына дайындықтың нәтижесі.»

6. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас тренингін ұйымдастыру жолдары.»

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Тожиева сөз сөйледі. Өз сөзінде 2023-2024 жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін таныстырып өтті. Ордабасы аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Қымбат апа» бөбекжай балабақшасы ЖШС ұжымы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына » Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылы №292 қаулысымен өзгерістер енгізілген стандарт талаптарына және 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» талаптарын негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылына алынған мақсат-міндеттер бойынша жұмыс жалғастыру ұйғарылды.

Екінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру кезіндегі жұмыстардың қорытынды есебі берілді. Ақындар күні, Драма үйірмесі, Су атасы-Сүлеймен күні, Туған күн кештері іс-шараларына жауапты тәрбиешілер есебін берді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева сөз алып, балабақшаның 2023-2024 оқу жылының жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібімен таныстырып бекітуге ұсынылды.

Келесі мәселе бойынша аптасына бір рет тәрбиешілер арасында әдіс алмасу мақсатында даму командасы құрылып, осы бойынша жұмыс жасатынын айтып өтті. Шығармашылық топ құрамына жаңартылған мазмұнда оқып келген педагогтар арасынан сайланатынын айтты. Жоспар бойынша даму командасының мүшелері әдістемелік көмек көрсетіп отырады.Сонымен қатар «жаңа оқу жылына дайындық нәтижесі» айтылды.

Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиеваның «мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас тренингін ұйымдастыру жолдары» тақырыбында баяндама тыңдалды.

Педагогикалық кеңес соңында балабақша меңгерушісі Ғ.Исмайлова сөз алды. Балабақша ұжымын жаңа оқу жылында сәттілік тіледі. Сонымен қатар жаңа оқу жылының жоспарына енгізу ұсыныстар тыңдалды. Балабақша тәрбиешісі Сырғабаева Ақмарал топтар арасында дамыту бұрыштарын жасақтау сайыстарын ұйымдастыруды ұсынды.

Қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары педагогикалық кеңес отырысында ұсынылған ұсыныстар енгізіле отырып бекітілсін.
2. Жазғы маусымдық іс-шаралар қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Жас мамандармен жұмысты жүргізу тәрбиеші Р.Досмағамбетоваға жүктелсін. Өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жұмысы тәрбиеші Сырғабаева Айгерімге жүктелсін. Құқықтық насихатты жүргізу жұмысы тәрбиеші Ж.Көшербаеваға жүктелсін.

Педкеңес төрайымы: **Ғ.Исмайлова**

Хатшысы: **Ж.Көшербаева**

№ 2 педагогикалық кеңес.

ЖШС «Қымбат апа» бөбекжай балабақшасында 2023-2024 оқу жылындағы

№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 20.11.2023ж Қатысқандар саны: 13.

Тақырыбы: «Балалардың денсаулығын нығайту және өмірін қорғау»

Күн тәртібінде:

1. Коучинг
2. Баяндама: « Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру (тамақтану ережелері, дене жаттығуларының тыныс алу мүшелеріне әсері, ұйқының гигиеналық мәні.)
3. Бақылау : «Тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындығының сапасының қорытындысы маусымдық өзгерістерге байланысты серуенді ұйымдастыру» (жедел бақылау,тақырыптық тексеру қорытындысы)
4. Тренинг: Психолог

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөйледі. Өз сөзінде бүгінгі педагогикалық кеңес ерекше яғни коучинг түрінде өтілетінін айтты.

Коучинг жүру кезеңдері

1.Сәлемдесу. Жағымды атмосфера орнату

2.Әріптестерді топқа бөлу (геометриялық пішіндер арқылы)

3.Коучинг мақсатымен таныстыру

4.Топтық жұмыс туралы түсінік

5.Топ ережесін дасау

6. Пікірталас жүргізу.

7.Модельдің тиімділігі – постер қорғау «Кубизм» әдісімен.

8. Сергіту сәті (психолог тренингі) «Жаны саудың – тәні сау»

9. Тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындығының сапасының қорытындысы. Маусымдық өзгерістерге байланысты серуенді ұйымдастыру.

10. Мектепке дейінгі ұйымда жаңартылған оқу бағдарламасындағы ерекшеліктер туралы пікір алмасу.

11. Рефлексия: кері байланыс

12. Екі жұлдыз бір тілек

Коучинг тақырыбы: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

Мақсаты: «Еліміздің ертеңі- бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп Н.Ә. Назарбаев айтқандай оқыту мен тәрбиелеуде баланың тұлғалық құзіреттілігін жан-жақты дамыту үшін біз педагогтар қазіргі таңда жаңартылған білім құзіреттілігін дамытуға тиіспіз.

Тақырыппен таныстыру: Құрметті әріптестер бүгін біз Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделімен танысып оның жалпы ережелермен танысып талқылайтын боламыз.

Әр топ жасаған жұмыстарына, қорғаған тақырыптарына өзара қолдаушы

«Көңілді смайликтер» беріп отыруды тапсырамын. Бұл біздің басты оқытудағы өзара бағалауымыз болып табылатындығын бастапқыда түсіндіремін. Тимбилдинг жаттығулары арқылы коучинг ережелерін сақтауға шақырамын. Осы модельде пайдаланатын негізгі ұғымдар жайлы.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі өзекті мәселелер жайлы. Серуен дегеніміз не.? Серуеннің мақсат міндетін атаңыз.

Серуеннің мазмұны

Серуен барысында қойылатын талаптар.

Қорытынды. Рефлекция: кері байланыс өздеріңіз осы коучингте нені білетін едіңіздер, тағы нені білдіңіздер, болашақта нені , тағы қандай бағытта білгілеріңіз келетіндігін кестеге жазыңыздар.

Мақсаты: Білетінің жаңа біліммен байланыстыруларын айқындайды. Болашақта білгілері келетін тәсілдер жүйесі, ұғымдар т.б туралы жазу арқылы келесі коучингтерде қандай басымдықтарға мән беру қажеттігіне сұраныс туындайды.

Нәтижесінде: Коучерлер коучингке белсенді қатысады, қызығушылығы артады, ой қозғайды, тақырыпты өздігінен меңгереді, кері байланыс жасайды. Кері байланысты «Екі жұлдыз бір тілек» әдісімен жасайды.

Педагогикалық кеңес отырысының соңында балабақша психологы Г.Айнабекова «Дені саудың-жаны сау» тақырыбында тренинг өткізді.

Қаулы етеді:

1. Коучингтің өтілу деңгейі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тақырыптық тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын

Педкеңес төрайымы : Ғ.Исмайлова

Хатшы: Ж.Көшербаева

№ 3 педагогикалық кеңес.

ЖШС «Қымбат апа » бөбекжай балабақшасында 2023-2024 оқу жылындағы

№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 15.01.2024ж Қатысқандар саны: 13

Тақырыбы: «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар»

Күн тәртібінде:

1. Өткен педкеңестің қаулыларының орындалуы
2. Баяндама: «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар»
3. Аралық мониторинг қорытындысы
4. «Көркем шығармаларды балалрдың бойына адамгершілік және отансүйгіштік қасиетін дамытуда, пайдалану жолдары» тақырыбындағы тақырыпты тексеру қорытындысы.
5. «Өзіңді тексер» іскерлік ойын.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ғ.Исмайлова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен педкеңестің қаулыларының орындалуы айтып өтті. Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева «Балабақшада қолдануға тиімді технолногиялар» тақырыбында баяндама оқыды. Ол өз сөзінде балабақшада жаңа педагогткалық технологияларды пайдалану арқылы жан-жақты дамыған, білімді құзіретті құзіретті тұлға тәрбиелеу деп айтып өтті. Оқыту мен тәрбиелеуде иновациялық ойын технологияларын жүйелі пайдалану әр тәрбиешінің міндеті деп ойлаймын деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер сөз алып аралық мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті. Бастапқымен салыстырғанда балалардың біліктілік көрсеткіші едәуір жоғарылағанын көрсетті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алып көркем шығармаларды балалардың бойына адамгершілік және отансүйгіштік қасиетін дамытуда пайдалану жолдары тақырыбындағы тақырыптық тексеру барысындағы бірқатар ескертулер айтылып, ұсыныстар айтылды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша балабақша психологі сөз алып педагогтер арасында іскерлік ойын ұйымдастырды. Педагогтар атсалысып қатысып ойын жоғары деңгейде өткізілді.

Қаулы етеді:

1. Аралық мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тақырыптық тексеру нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын бірқатар кемшіліктер жойылсын.

Педкеңес төрайымы : **Ғ.Исмайлова**

Хатшы: **Ж.Көшербаева**

№ 4 педагогикалық кеңес.

ЖШС «Қымбат апа» бөбекжай балабақшасында 2023-2024оқу жылындағы

№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 15.03.2024ж Қатысқандар саны: 13

Тақырыбы: «Дамытушы ортаны ұйымдастыру»

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестердің қаулыларының орындалуы.
2. Электронды түрде презентация «Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру.»
3. Бақылау: Күннің екінші жартысындағы күн тәртібіндегі ұйымдастырылуы.
4. Педагогтардың жұмыс күніне дайындығы мен топ құжаттарын тексеру қорытындысы.
5. Мәдени-гигиеналық машықтарға тәрбиелеу жұмыстары қалай жүргізілуде.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ғ.Исмайлова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен педкеңестің қаулыларының орындалуы жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әдіскер Н. Тожиева сөз алып, балабақшада заттық дамытушы орта ұйымдастыру ерекшеліктері жөнінде айтылып, электронды презентация көрсетілді.

Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Н. Тожиева сөз алды. Ол өз сөзінде күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің ұйымдастырылуы жөніндегі ортаңғы топтармен тақырыптық тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Ол күннің екінші жартысындағы күн тәртібінің ұйымдастырылуын жақсы бірақ бірқатар ұсыныстар айтып, әдістемелік көмек берді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Н. Тожиева сөз алды. Ол педагогтардың жұмыс күніне дайындығы мен топ құжаттарының тексерудегі қорытындысымен таныстырды. Топ құжаттарының толтыру сапасы анықталды. Тексеру барысында біршама кемшіліктер анықталып, ұсыныстар айтылып,әдістемелік көмек берілді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша балабақша медбикесі Г.Пернебаева сөз алды. Ол балабақшада мәдени-гигиеналық машықтарға тәрбиелеу жұмыстарының жүргізілуі жөнінде айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. Күннің екінші жартысында сауықтыру шынықтыру шаралары жүйелі жүргізілсін.
2. Тақырыптық тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп танылып, кемшіліктер жойылсын.

Педкеңес төрайымы : **Ғ.Исмайлова**

Хатшы: **Ж.Көшербаева**

№ 5 педагогикалық кеңес.

ЖШС «Қымбат апа» бөбекжай балабақшасында 2023-2024 оқу жылындағы

№ 5 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 24.05.2024ж Қатысқандар саны: 13

Тақырыбы: Бақшада жылдық міндеттемелердің орындалуы келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу.

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы .
2. Ересек топ балаларының бағдарлама бойынша материалды қабылдау нәтижесі.
3. Жылдық есеп беру (педагогтар, психологтың есебі)
4. Топтар бойынша қорытынды оқу қызметтерінің нәтижелері. Қорытынды мониторинг.Шығармашылық білім саласы бойынша балалардың көркем эстетикалық дамуы
5. Жазғы оқу кестесін сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ғ.Исмайлова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен педагогикалық кеңестің қаулыларының орындалуы жөнінде айтып өтті.

Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Д.Қожагелді сөз алып ересек топ балаларының бағдарлама бойынша материалдды қабылдау нәтижесі жөнінде айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша психологы Г.Айнабекова мен топ тәрбиешілері жылдық есебін берді.

Келесі мәселе бойынша балабқша әдіскері Д.Қожагелді. сөз алып қорытынды мониторинг көрсеткіштерімен таныстырып өтті. Балалардың бір жылдық бағдарлама материалын меңгеруі, индикаторы нәтижесі жөнінде айтып өтті. Бастапқымен салыстырғанда көрсеткіш едәуір жоғарылағанын көрсетті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Д.Қожагелді сөз алып қорытынды мониторинг көрсеткіштерімен 2024 жылдық жазғы маусымдық жоспарымен таныстырып өтті. Денсаулық құзіреттілігін арттыру мақсатында

сауықтыру,шынықтыру шаралары күн,су,ауа тәсіліне көңіл бөлу,спорттық мерекелер өткізу.
Сонымен қатар тақырыптық іс-шараларға жауаптылар бекітілді «Балаларды қорғау күні»- Қалжігітова М, ҚР мемлекеттік рәміздері күні-Айгерім Сырғабаева, ақындар үйірмесінің жетекшісі-Досмағамбетова Р, драма үйірмесінің жетекшісі- Қалыбаева Ж, сүт мерекесі- Сарманова С, туған күн кештері-Сырғабаева Ақмарал бекітілді.

Қаулы етеді:

1. Қорытынды мониторинг көрсеткіштері қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 1-ші маусымнан бастап жаздық жұмыс кестесіне көшірілсін.

Педкеңес төрайымы : Е.Исмайлова

Хатшы: Ж.Көшербаева